

ЖАҢАЛЫҚТАР

БАҚ: Хаменеидің өлімінен соң Иранда билік үшін күрес күшейді

6 шілде 2026 жыл, 11:17



Иранның жоғарғы көшбасшысы аятолла Әли Хаменеимен қоштасуға келген Иран билігі өкілдері. Тегеран, 5 шілде, 2026 жыл.

The New York Times басылымы Иранның жоғарғы көшбасшысы Әли Хаменеидің қазасынан кейін ел басшылығындағы саяси күштер арасындағы қайшылық күшейген деп жазды. Басылым бұл ақпаратты ирандық жоғары лауазымды шенеуніктер мен Ислам революциясы сақшылар корпусының (ИРСК) өкілдерінің сөзіне сүйеніп жариялады.

Дереккөздер мәліметінше, қазір түрлі саяси топтар жаңа Жоғарғы көшбасшы Мұжтаба Хаменеиге ықпал ету үшін өзара тартысқа түскен. Бұған дейін негізгі бәсеке реформашылар мен консерваторлар арасында болса, енді консерваторлар лагері өз ішінде жікке бөліну байқалып отыр.

The New York Times қазіргі кезде басымдыққа ИРСК-тің жоғары қолбасшылары, парламент спикері Мохаммад Багер Ғалибаф, президент Масуд Пезешкиан және Ұлттық қауіпсіздік жоғары кеңесінің хатшысы Мохаммад Багер Зұлқадір кіретін прагматикалық топ ие екенін **жазады**. Басылым мәліметінше, дәл осы топ атысты тоқтатуға және АҚШ-пен келіссөздер басталуына ықпал еткен, ал қатаң бағыт ұстанатындар Вашингтонға қандай да бір жеңілдік жасауға қарсы.

Басылымның жазуынша, Мұжтаба Хаменеи марқұм әкесін жерлеуге қатыспаған. Дереккөздер мұны Израиль тарапынан шабуыл жасалу қаупімен байланыстырады. Мұжтаба Хаменеи жараланғаннан кейін көпшілік алдына шықпауы елдегі жаңа басшылыққа байланысты дүдәмал көңіл-күйді күшейткен.

Ал The Washington Post газеті Әли Хаменеидің қазасы Иран билігін әлсіретпегенін, керісінше күштік құрылымдардың, әсіресе ИРСК-тің ықпалын арттырған деп **жазды**. Басылым мәліметінше, азаматтық саясаткерлер, оның ішінде президент Масуд Пезешкиан мен сыртқы істер министрі Аббас Арақчи шешім қабылдауда екінші қатарға ығысқан.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ